

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Топ психологиясы және оның тиімді жұмыстары.



Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Оның психикасы айналасындағы адамдармен қарым- қатынас жасау арқылы белгілі бір топта қалыптасады. Қоғамнан, әлеуметтен тыс адам өмірінің болуы мүмкін емес. Жеке адам өз өмірінде басқа адамдармен тығыз қарым- қатынас жасай отырып қалыптасады. Яғни, белгілі бір топқа мүше болады. Ондай топтар біркелкі емес. Топ- әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышандары негізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қауымдастығы. Олар неше түрлі себепке негізделіп жіктелуі мүмкін.,

- Қалыптаса бастаған өзара қатынастар ырықтылығы мен тереңдігіне байланысты шағын және бастауыш топтар айқындалады.



- Біршама тұрақты, құрамы жағынан көп емес, мүшелері бір-бірімен тікелей қатынас жасай отырып, ортақ мақсатқа ұмтылған адамдардың бірлестігі шағын топ деп аталады. Оның топтың барлық мүшесінің күш-жігері соған жетуге жұмылдырған ортақ мақсаты болады. Кіші топқа кіретіндер бірін-бірі жақсы біледі және топтың алдында тұрған міндетті орындау кезінде өзара қоян-қолтық қатынаста болады. Кіші топ мүшелерінің саны екі адамнан аз болмайды және 30-40 адамнан аспайды.



Жанұя, өндірістік бригада, самолет не космос кораблінің экипажы, поляр станциясында қыстаушылар, мектеп класы сияқты бірлестіктерді кіші топ деп есептеуге болады. Кіші топтағылардың өзара қарым-қатынасына шек қойылмайды. Әркім топтағы кез келген адаммен өз қалауы бойынша және қажетінше қатынас жасайды. Біреулер өзара жиі қатынасып, олардың қарым-қатынасы жақындық сипат алады. Бұл былайша айтқанда бастауыш топ, немесе қатынас жасаудың бірінші кезеңі болып табылады. Әдетте мұндай топ мүшелерінің саны көп болмайды (2-7 адам).

Құрылу принципі мен әдісіне қарай шартты және нақты формальді және формальді емес топтар болады.

- Адамдардың тек қағаз жүзінде ғана бар қауымдастығы шартты топ деп атаймыз. Мысалы, спорт тақырыбына жазатын журналистер әлемнің таңдаулы футболистерінен команда құрады. Олар әр елдің ең таңдаулы футболшыларын бір тізімге тіркейді. Бұл ойыншылардың ешқашан басы қосылмайды және олар ешқашан бір командада жарысқа түспейді. Бірақ құрама команда құрылды және ол шартты түрде бар деп есептелінеді.

Нақты топ-адамдардың бір -бірімен өзара қарым-қатынас және байланыс жасай отырып, алдарына қойған мақсат, міндеттерін орындауға жұмылған, өмір сүріп тұрған бірлестігі. Нақты топ қысқа мерзімді, не ұзақ өмір сүруі, мүшелерінің саны аз не көп болуы мүмкін. Ол қауымдастық ретінде өмір сүріп қызмет істейді.

Формальді (ресми) топ штат кестесі, устав және басқа да ресми документтер негізінде құрылады. Жоғары оқу орнындағы студенттер тобы, мектептегі мұғалімдер мен қызметшілер штатымұның бәрі ресми топтың мысалдары. Топ мүшелерінің арасында құжаттарда көрсетілген іскерлік қатынастар орнайды. Ондай қатынастар бір-біріне бағыну немесе өзара міндеттің орындалуына не аз, не көп жауапты болу тұрғысында тең праволық етеді.



Формальді емес (ресми емес) топ ұнату, көзқарас бірдейлігі, сенім жақындығы, жекелеген адамдардың беделін, білгірлігін тану сияқты психологиялық мотивтер бірлігі негізінде туады. Мұндай топ штат кестесінде де нұсқауларда да көрсетілмеген. Мұндайда ресми документтердің күші жүрмейді. Бірге ойнаушы жолдастар тобы, бірлесіп балық аулау, аңшылық құру т.б. осылай туады. Бұл топтарды бірін-бірі ұнату, біріне-бірі бауыр басу нығайта түседі. Егер бұл қасиеттер жоғалатын болса, топ сөз жоқ ыдырайды.

Референт(эталон)тобы деп көзқарас, талаптары үлгі болып саналатын ақиқат өмір сүруші немесе қиялдағы топ айтылады. Адам өзі нормасын қадір-қасиетін бағалаған, өзі оны қолдап, ең жақсы деп есептейтін топқа кіреді. Сонда адам бұл өлшемін қолдап қана қоймай, оны қорғайды да, қажет болса насихаттайды да.

Топтың даму деңгейлері

- Топтың қалыптаса бастауы деп ассоциацияны- адамдардың уақыт және кеңістік белгілері негізінде бірлесуін алу керек. Мектепте 1 класс, институтта 1 курс тобы туристер мен экскурсанттар осылай құрылады. Ассоциацияда ортақ мақсат жоқ, іскерлік және жеке қарым – қатынас та қалыптаспаған бірақ оған қажет алғы шарт болады. Ассоциацияға кіруші әрбір адамның өзіне тән және, әдетте, басқалардың жеке мақсаттарына ұқсас мақсаты болады. Бірақ бұл ортақ мақсат емес. Бірігіп әрекет жасау кезінде ассоциацияға қатысушылар арасында іскерлік және жеке қатынас орнайды. Сонда ассоциация сапалық жағынан мүлдем басқа және әлдеқайда күрделі қауымдастық - корпорацияға айналады.

- Корпорация- адамдардың өзімен- өзі тұйық бірлестігі. Ассоциация сияқты, оның да ортақ мақсаты болмайды. Корпорацияда әркім өзінің жеке ойын жүзеге асырады, ол басқалардың ойына ұқсас болады. Корпорацияға оқшаулық тән. Ол басқалармен мүлдем қатынас жасамайды ал қатынас жасайтын болса, оның көп сатылы болатыны сонша, корпорацияға қатысушылар байқамай да қалады.